

**А. Х. Закирова, 3-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: Т. Қ. Ысқақов, әскери және арнайы тактикалық даярлық кафедрасының аға оқытушысы**  
**(ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТАКТИКАЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ АТУ ДАЯРЛЫҒЫНДА ЛЖ-110 МТ АВТОНОМДЫҚ ЛАЗЕРЛІК АТЫС ЖАТТЫҒУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ**

Макаров тапаншасына енгізілген лазерлік атыс жаттығу құрылғысы (ЛЖ-110МТ) электрондық нысанымен жұмыс істеуге арналған. Макаров тапаншасынан атқан кезде көзде және интуициялы ату дағдысын үйренуге көмектеседі. Ол электрондық нысанаға дыбыстық және жарық арқылы тигізуді лазерлі көрінбейтін сәулемен ату имитация әдісімен жүргізеді.

Жаттығу құрылғысының әрекет ету қағидасы болып, атыс қаруының шүріппесін түсіру кезінде пайда болатын көрінбейтін лазерлі жарық импульсінің қолдануына негізделеді. Атыс электронды нысанаға атыс шебіне дейінгі 2-25 м арақашықтықта жүргізіледі. Оқты дәл тигізген уақытта дыбыстық немесе жарықтық белгі беріледі.

Тәжірибеден анықталғандай ІІО қызметкерлері мен құқық бұзышылар арасындағы қаруланған қақтығыс қызметкерлерінің саны қайтыс болған құқық бұзушылар санынан екі есе артты. Осыдан қызметкерлердің қаруланған қылмыстылыққа қарсы тұру тактикалық-техникалық ату даярлығы қанағаттандырмайтыны жөнінде сұрақ туындайды. Тапаншамен атқан кезде қарама-қарсы ату сызығынан ауысуда, дәл атыспен аяқтау қажет кезде ату бағытын ауыстыру тәжірибесінің жоқтығынан білінеді.

ЛЖ-110 МТ автономдық лазерлік атудың жаттығу құралын қолдану осы мәселені шешуге көмектеседі. Бірақ қазіргі кезде көрсетілген әдістерді қолдану үшін ғылыми бекітілген оқыту әдістемесі жоқ. Көптеген баспаналарда басылған оқыту әдістемесінде дидактикалық қағидасы және оның өндірісі жөнінде мәлімет жоқтығынан жоғары білім беру мекемесіндегі «Ату даярлығы» пәнін оқу процесіне енгізілмейді.

Тапаншамен қаруланған кезде және қарама-қарсы ату сызығына ауысуының дәл атумен аяқталуы оқтың бағытын ауыстыру тәсілдерін үйренуде келесі дидактикалық қағидалар қолданылады. Дидактикалық қағида «қарапайымнан қиынға қарай» әдістерін оқытудың қажеттілігінің бастапқы қалпы «жаттып» жүргізілетін әдістерді үйренуден кейін «тізеден» қалпының техникасын үйрену қажет, ал «тұрып» ату қалпын соңғы кезекте үйренуді қамтиды. Бұл қағиданы шартта «төменнен жоғарыға қарай» деп аталады. Сонымен қатар, әрбір үш әдістің жиынтығы, біздің ойымызша, олардың қозғалыс әдістерін келесідей кезектілікпен үйрету дұрыс болады:

Бастапқы қалыптың өзгеруімен байланысты әдістер — бастапқы қалыпты келесі кезеңге ауыстыруды қарастыратын әдістер – бастапқы қалыпты кезеңнен кейін өзгертуді қарастыратын әдістер;

Оқтың бағытын ауыстыруға арналған әдістер үшін: оқтың бағытын кіші көлемді бұрышқа ауыстыру әдістері – орташа көлемді бұрышқа оқтың бағытын ауыстыру әдістері – оқты ауыстыру әдісінің үлкен көлемді бұрышқа бағытталуы;

Қарама-қарсы сызығына оқтың ауысу әдісі — алдағы атыс қауіпі кезіндегі ауысу әдісі – жанынан келетін атыс қауіпі кезіндегі ауысу әдістері – артынан келетін атыс қауіпі кезіндегі ауысу әдісі.

ІІМ қызметкерлерінің ЛЖ-110 МТ автономдық лазерлік ату жаттығулар құралдарын қолдану жөнінде өткізілген тәжірибеден өндірілген 4 әдістер арасынан екеуі тиімді болып шықты. Осы ғылыми зерттеуге негізделі отырып, атыс жүргізу негізінде және қарама-қарсы ату сызығынан ауысқан кезде атудың бағытын, ауыстыру әдістемесін ату даярлығы пәнінен оқу процесіне енгізілуі керек деп ойлаймын.